

Түркістан облысы ДСБ
«Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі мәжілісінің
ХАТТАМАСЫ

02.10.2023 жыл

Шымкент қ.

Қатысқандар: аурухана қызметкерлері

Күн тәртібі:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстардың орындалу барысы туралы.

Төрағалық етуші басшы Ч.А.Сеилбеков жиналысты ашық деп жариялап, Облыстық офтальмологиялық ауруханасы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамада көрсетілген кемшіліктерді жою бойынша орындалып жатқан жұмыстар барысына тоқталды.

Ауруханадағы орынға орналасу кезінде кадрларды іріктеу үшін арнайы комиссия түзілді, іріктеу барысын хаттамамен рәсімдеп жүру кадр бөлімінің аға инспекторы А.Ташеноваға тапсырылды. Тауарларды және қызметтерді сатып алу рәсімдері заң аясында, тиісті мерзімде өткізу қамтамасыз етілсін, сонымен қатар алдағы уақытта аталмыш кемшіліктерге жол бермеу мақсатында тиісті шаралар қабылданды. Аталмыш кемшілікке жол берген мемлекеттік сатып алу бойынша есепші Э.Оразымбетоваға «ескерту» беру ұсынылды. Ауруханадағы сатып алуды ұйымдастырған кезде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 1-тармағы 41 бабына сәйкес, жүргізілсін, яғни бәсекелестік ортаның болуы қамтамасыз етуін қадағалау бас есепші А.Досжановаға тапсырылды.

Облыстық офтальмологиялық ауруханасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 24 тамыздағы №576 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында арнайы жоспар түзіліп, осы бағыттағы барлық шаралар жүйелі түрде сапалы өткізіледі. Нормативтік құжаттарды бекіту, жоспар бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты аурухана сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларға жариялау жұмысы жақсы жолға қойылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті ұйымдастыру үшін тақырыптық семинарлар жоспары бекітілді.

Мәжіліс соңында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты бірқатар сұрақтар төңірегінде талқылаулар жүргізілді, сұрақтар қойылды, ұсыныстар жасалды.

Қаулы етілді:

1. Ауруханадағы сатып алуды ұйымдастыру барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 1-тармағы 41 бабына сәйкес жүргізілсін, бәсекелестік орта қамтамасыз етілсін. Қадағалау бас есепші А.Досжановаға жүктелсін;

2. Мемлекеттік сатып алу бойынша есепші Э.Оразымбетоваға «ескерту» беру ұсынылсын;

3. Қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруі, азаматтардың сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрінен бас тартуына табандылық таныту мақсатында, қызметкерлер мен ауруханаға келушілер, емделушілер арасында түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырылсын. Орындалуы басшының медицина жөніндегі орынбасары А.Шегайға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы Ч.А.Сеилбеков жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы

Ч.А.Сеилбеков

Хатшы

Ж.Мусабекова